

"Техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 451 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 843 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 6 желтоқсанда № 17873 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 422 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 20.12.2024 № 422 (05.04.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 451 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13826 болып тіркелген, 2016 жылғы 11 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу қағидаларында:

10-тармақтың бірінші бөлігі мындай редакцияда жазылсын:

"10. Көліктік бақылау органдары техникалық қарап-тексеру операторларынан оның заңды мекенжайының, орналасқан орнының, міндетті техникалық қарап-тексеруді жүргізуі бойынша қызметті жүзеге асыратын мекенжайының, тіркеу деректерінің өзгергені туралы, қызметінің тоқтатылғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде, сондай-ақ механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу және жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қоса атқарғаны, техникалық қарап-тексеру операторларының тізіліміне енгізген кезде көрінеу анық емес ақпаратты бергені, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 248 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9658 болып тіркелген) Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу кезеңділігін бұзғаны үшін әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттері үшін техникалық қарап тексеру операторына қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы заңды күшіне енгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органға тиісті мәліметтерді ұсынады."

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі*

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

2018 жылғы " ____ " _____